

**№1 педагогикалық кенес отырысының хаттамасынан үзінді
«Теренсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**
білім беру ұйымының атавы

2023 жыл "31" тамыз

Төрағасы – Кобиланов Рәнат Жаксылыкович
Хатшы – Ұбаева Гүлжанат Тлеуханқызы
Қатысқандар: 24 адам

Күн тәртібі:

4. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысын қарau туралы.

Тындалды:

Мектеп директоры **P.Ж.Кобиланов:**

- 2023 жылдың 1-30 маусым аралығында 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау рәсімі жүргізілді. Бағаланатын кезең бойынша құжаттар, электронды журнал толығымен қаралды. Бірқатар кемшіліктер де кездесті. Журналды толтыру жөнінде өздерінізге үнемі нұсқаулық беріліп, көрсетіліп отыrsa да қателіктер жасалған. Комиссия мүшелері өзін-өзі бағалау қорытындысымен толық таныстырып шығады.

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары **B.С.Калданова:**

- Өзін-өзі бағалау әдістемелік ұсынымдар бойынша жүргізілді. Бағалау өлшемшарттары бойынша толық зерделенді. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы 54 (елу төрт) балл – «Жақсы», ал мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие қызметі бойынша 33 (отыз үш) балл – «Жақсартуды қажет етеді» деп бағаланды. Жалпы жұмыс барысында өздерінізге үнемі ескертіліп, тиісті деңгейдегі нұсқаулықтар беріліп отыrsa да қателіктер жіберілген. Электронды журналда жиынтық бағалау үшін қойылған балдарға енгізілген түзетулер уақытылы өздерінізге ескертулер жасалды, сол қателіктерді бағалау барысында көрсөйлді. Оларды болдырмас үшін алдағы оқу жылында электронды журналда жиынтық бағалау нәтижесіне түзетулер енгізуге шектеу қойылатын болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **У.Ж.Каласова:**

- Өзін-өзі бағалауды әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргіздік. Жалпы қоса кететінім оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы, ғылыми жобалар байқауына қатысым көрсеткіші төмен, сондықтан бүгінгі күннің талабы деп есептеп, балалардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін, танымдық белсенділігін жоғарылату мақсатында ғылыми, шығармашылық зерттеу жұмыстарымен айналысуына жағдай жасап, жетекшілік етіп, осы бағытқа баулуга шақырамын. Мектепалды даярлық класы мен шағын орталық тобының жұмысын одан әрі жандандыру үшін ең кем дегенде біліктілік талаптарында көзделген ойын жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін білім бөліміне сұраныс жасап және де демеушілерді тартып, ойыншықтар қорын көбейту керек. Соған әрқайсымыз да өз улесімізді қоссақ артық болmas еді.

Шешім:

4. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау қорытындылары есепке алынын;

Педагикалық кенес төрағасы
Педагикалық кенес хатшысы



Р.Ж.Кобиланов
Г.Т.Ұбаева

**Кобиланов Р.Ж.
Ұбаева Г.Т.**